

**ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

ҚХА және ӘГП кафедрасы

Слайд-дәріс

Пән: ФИЛОСОФИЯ

Тақырыбы:

«ТАНЫМ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ»

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған



Лектор: Н.Ж. Сарсенбеков

Қарағанды 2022

ЖОСПАР:

1. Таным философиялық мәселе ретінде. Әртүрлі философиялық концепциялардағы білім мәнінің анықтамалары. Таным объектісі мен субъектісі.
2. И.Канттың классикалық агностицизмі. Г.Гегельдің диалектикалық методы және батыс еуропалық гносеологиясындағы оның маңызы.
3. Ақиқат пен адасу. Білім, ақиқаттылық және жалғандық.
4. Ақиқаттың әртүрлі тұжырымдамалары. Ақиқат және оның критерийлері.
5. Сезімдік және рационалдық таным.
6. Эмпирикалық және теориялық таным.

Философияның таным туралы зерттейтін бөлімін гносеология (эпистемология) деп атайды. Гносеология адамның дүниені білу мүмкіндіктерін, танымдық іс-әрекеттің құрылымын, шындыққа қатынасындағы білім формаларын, ақиқат пен нақты білімнің өлшемдерін, оның табиғаты мен шекараларын зерттейтін философияның бір саласы. Таным процесінің заңдылықтарын зерттеу таным теориясы деп аталады. Дүниенің танымдылығын терістейтін «агностицизм» деп аталатын бағыттың дүниеге келуі ағылшын жаратылыстанушысы Гексли есімімен байланысты. Гностикалық ағым дүниенің танымдылығын растайтын ағым.

Барлық басқа әрекеттер сияқты, танымның да өзіндік құрылымы бар:

Субъект - білім алуға бағытталған әрекеттерді жүзеге асырушы адам. Мысалы Сіз осы туындыны оқып отырсыз. Сіздің әрекетіңіз осы туындыны зерттеп, танып-білу. Демек, бұл тұрғыда Сіз субъектісіз.

Объект – адам зерттеуге, тануға ұмтылған дүние, яғни адамның танымдық әрекетінің нысаны. Мотивтер - қарапайым сөзбен айтқанда, біздің бір нәрсені жүзеге асыруымыз. Бұл тұрғыда практикалық және теориялық себептерді, қызығушылықтарды айтуға болады.

Танымның мақсаты - әлем туралы шынайы, сенімді білім алу, ақиқатқа қол жеткізу.

Адамзат тарихы даму тенденциясына ие. Бұл адамның жаңа білімдерді игеруге деген құштарлық, қызығушылық, рухани жетілуге деген сұраныстарынан келіп туындайды. Таным теориясы туралы алғашқылардың бірі болып зерттеу жүргізген Платон болды. Таным бұл әлем туралы шынайы білім алуға бағытталған адамның шығармашылық әрекеті.

Таным мәселесі - философиядағы маңызды сұрақтардың бірі. Әлемді қалай танып-білуге болады? Жалпы, танып-білуге бола ма? Ақиқат дегеніміз не? Бұл сауалдар әу бастан даналыққа деген құштарлықтан туындаған әрі өз мәнін күні бүгінге дейін жойған емес.

Эпистемологияның негізін салушының рөліне Парменид үміткер бола алады: ол жоқ дегенде, біліммен сенім арасындағы жүйелі айырмашылықты көрсетіп кетті. Протогор үшін қандай да болсын шынайылық шартты, ол - қарапайым желді сезу сияқты субъективті мәселеге ғана қатысты шындық емес. Бұл тезис үшін ол, біздің білуімізше, ешқандай дәлел келтірмеді, сезім қабылдауы мен сенім арасындағы қарапайым аналогиялар әр «ия» деген дәйекке лайық «қарсы» дәйегін келтіруге жағдай жасады. Протогорды кейде скептик ретінде сипаттайды. Бір жағынан, бұл-түсініксіз сипаттау. Скептиктер - «шындықты табу қиын, тіпті мүмкін емес» деп білетін адамдар.

Протогор үшін бәрі оп-оңай, сіз тек бір сенім қалыптастыруыңыз керек, сосын ол шындық болып шыға келеді. Алайда, Демокрит тұрғысынан алғанда, шынайылықтың әмбебеп, объективті тұжырымдамасын шарттылықпен ауыстыру-скептизмнің өте терең формасы болмақ. Іздеуге тұрарлық нағыз шындықтың түрі релятивистер үшін табылуы мүмкін емес, өйткені ол жоқ. Алайда, Демокриттің өзі скептицизмді теріске шығаруда өте қатаң ұстанымда болған жоқ. Ол білімнің екі түрі болады деген, бірі - сезім арқылы, екіншісі - зерде арқылы танылады. Тек зияткерлік білім ғана-заңды білім, бес сезім білімнің тек жалған түрін береді.

Платонның пікірінше, білімнің екі деңгейі бар: сезімдік және рационалды. Бұл, айналамыздағы әлемді зерттеген кезде, біз оның бейнелерін ойдың көмегімен түсінеміз немесе оны сезім мүшелері арқылы түйсінеміз.

Сезімдік таным: сезім мүшелері яғни көру, есту, тітіркену, тыңдау, иіс сезу қабілеттері арқылы танып білу.

Рационалды таным: тек адамға ғана тән ой-зерденің қызметі нәтижесінде танылатын шындық.

Әдетте, тапқыр да дәлелді, мазмұны халыққа таныс терең ойлы, көркем тілді сөздер ғана тыңдаушысын ұйытады, даналықтың негізін құрайды. Осындай дана сөздер өздерінің мәні мен маңызын, құндылығын жоймай, ұлттық рухани мәдениетіміздің сарқылмас қайнар бұлағы іспеттес. Бұған дәлел осыдан екі жарым мың жыл шамасында бұрын өмір сүрген, грек философиясында скифтердің ойлау жүйесіне өшпес із қалдырған скифтік Анахарсисті (Анарыс) айтуға болады. Қазақи шешендік өнерінің негізін салушылардың байырғы өкілдерінің болмыс-бітімін анықтау ісінде дала данышпаны Анахарсистен қалған даналық сөздер, толғамдарының маңызы, мәні өте жоғары.

Оның өмір тарихы, философиялық нақылдары, данышпандық сөздері туралы тарихта грек философтарынан қалған біраз деректер, мәліметтер баршылық. Данышпан философ, ділмар, әрі шешен Анақарыс даналық ілімімен ерте дүние тарихының өзінде-ақ «жеті ғұламаның бірі» ретінде аты аңызға айналған. «Өнерге, әсіресе сөз өнеріне ерекше құмартып, билердің шешендік келесіне қатысып, тыңдап, өзі де билік айтып ер жеткен. Әскери тағылым алған. Жорық басы болған. Скифтердің әдет-ғұрпын өте жетік білген...» деп жазады Т.Жұртбаев «Дулыға: Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар» деген шығармасында.

Ұлы бабамыздан қалған данышпандық қанатты сөздің бірі: «Басқа пәле – тілден». Нақты сөзге айналған философиялық ой-түсініктің негізгі мазмұны сөз өнері, тіл өнерінің қадірін, құдіреттілігін түсіне білуде жатыр. Бұдан түйіндейтініміз, кемеңгер ойыңды халқыңа жеткізе айтар тілің болмаса білгеніңнен не пайда. Анахарсис сөздің қадір-қасиетін ондағы ой-пікірдің қадір-қасиетімен өлшеген. «Ой, ойдың жүйесі жаман болса, оны жеткізіп тұратын сөз де жақсы емес, егер сөз жүйесіндегі ой жақсы болса, онда сөздің өзі де жақсы. Сұлу айтылған сөздің мәні мен мағынасы таяз болса, бұл - ақылдың, ойдың мешеулігінің белгісі, ал сөздің мәні мен мағынасы терең келіп, оның айтылу реті бұзылып жатса, бұл - шешеннің сөйлеу өнеріне тән кемшілік».

Таным үрдісін жүзеге асыруды зерттеу нәтижесінде жаңа дәуір философиясында эмпиризм және рационализм деп аталатын бағыттар қалыптасты.

Рене Декарт (1596 - 1650 жж.) - француз философы. Еңбектері: «Әдіс туралы ой - толғау» және «Алғашқы философиялық толғаныстар». «Толғаныстарында» өзінің алдына философияны бұрынғы жүзжылдықта пайда болған скептицизм қаупінен азат ету міндетін қойды. Ол үшін әуелі өзі теріске шығарғысы келген скептикалық ұстанымды көрсетуге тура келді. Алғашқы «Толғаныста» ол Монтеньнің ойларын мақұлдайды, алайда дәлелдерін өткір де мұқият формада баяндайды.

«Cogito» - Декарт эпистемологиясының іргетасы. Сол кезден бастап, қазірге дейін сыншылар оның қаншалықты мығым екеніне күмәнданумен болды. «Мен ойлаймын, демек, өмір сүремін» тұжырымының негізді дәйек екені шүбәсіз, оның дұрыстығы ақылмен бір шолғанда-ақ қабылданады.

Төмендегі үзінді Р.Декарттың «ой» деген сөзді кез келген саналы тәжірибеге қолданғандығын өте айқын көрсетеді:

«Мен түйсіктерге иемін немесе материалдық объектілерді сезімдерім арқылы қабылдаймын. Сөйтіп, қазір жарықты көріп, шуды естіп тұрмын, жылуды сезініп отырмын. Бұл объектілер нақты өмір сүріп отырған жоқ, себебі ұйықтап жатырмын; бірақ мен, ең аз дегенде, көремін, естимін, жылынамын. Мұның нақты өмір сүрмеуі мүмкін емес, бұл - менің түйсігім деп дұрыс аталған нәрсе; дәл осылай қарастырылатын әрі қарайғы түйсік-ойдың әрекетінен басқа ештеңе де емес».

Қарапайым интуициялар ақылдың алдында тұрғанда күмән тезінен өткізілмейтіндіктен, оларды анықтау үшін ешқандай дәлел қажет емес; Декарт «интуиция ақиқатқа жету әдісі ретінде дәлелден асып түседі» деп есептеді. Жеке интуициялар мен әлгінде көрсеткен айналмалы әдіске ғана күмәндана алады: олар мазмұнын жария етуге байланысты қандайда бір күмәндануға жатпайды. Тек жалпы принципке және нақты қабылдауларға қатысты ғана Құдіретті шындыққа жүгіну қажет. Яғни, Р.Декарттың дәйектенуінде айналмалы әдіс жоқ. Алайда, «Толғаныста» ақыл өзін анықтау үшін қолданылатыны сөзсіз. Бірақ, мұндай айналмалы әдіс міндетті түрде болады және ол зиянсыз.

Ағылшын философы Давид Юмның (1711–1776 жж.) ойынша, субъективтік себептілік өмір сүреді әрі ол сезімдік әсерлер идеяларын тудырушы қабілетіне ие. Адамдар күннің күнде ұясынан туатынына шүбәсіз. Демек, адамның тәжірибелік танымының бастамасы теория емес, дағдыланған жағдайы - сенім. Д.Юмның рационализмнен бөліп қарастыруға тырысқан дүниені танып-білуге болмайды деген сыңаржақты эмпирикалық агностикалық тұжырымы қалыптасты. Адамның ақыл-ойы сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын дәрежедегі танымынан артық білімдер беруге қауқарсыз, себебі, рухани тәжірибесі тұрғысында алған дүниеден өзгені пайымдауға қабілетсіз.

Таным теориясындағы пайым мен зерденің бір-бірінен алшақ кеткендігін, ендігі жерде олардың ымыраға келмейтіндігін айқын көріп, бұл мәселеге баса назар аударған, классикалық неміс философиясының негізін салушы Иммануил Кант (1724-1804 жж.) - неміс философы, ғұлама ғалым.



Негізгі еңбектері: «Таза ақылға сын», «Тәжірибелік ақылға сын» және «Пайымдау қабілетіне сын». Неміс ойшылы гносеологиялық сауалға келгенде, адам білімдері жиынтығының категорияларының ара-жігін ажырата білген ең соңғы әрі аса көрнекті метафизик бола білді. И.Кант дүниетанымындағы гносеологиялық мәселелерге тоқталатын болсақ, әлемді екіге бөлуге болады, бұлар: «біздік заттар» және «өзіндік зат» дүниесі.

«Біздік заттар» адам танып-білуге болатын әлем жүйесі, себебі, ол тәжірибеге бағынады. Жалпы, И.Канттың пайымдауынша, танып-білудің негізі - тәжірибеде. Біз танып-біле алмайтын (тәжірибеге бағынбайтын) заттар дүниесі болады, өйткені, сол заттардың ішкі мәні – сол заттың өзіне ғана мәлім болмақ. И.Кант танымдағы трансцендентті (тәжірибеден тыс) құбылыстың қайшылығын сезінуден басталуы қажеттігін көрсетіп, философияда қалыптасқан қайшылықтардың ара-жігін аша білді.

И.Кант өзіндік санадағы орталық мәселелерді зерттеуді мақсат етіп қойды. Біз білетін барлық білімдердің түрі пайымдаулар арқылы танылмақ. Оның үстіне, барлық пайымдауларды аналитикалық және синтетикалық деп бөлді. Аналитикалық пайымдаулар - кез келген объект туралы түсініктің қалыптасуы. Аналитикалық пайымдауларды толық зерттегенмен, жаңа ақпарат бермейді. Мысалы: барлық денелердің созылатыны, өзгеретіні жөнінде жалпылама сипат береді, бірақ толықтырушы анықтама бере алмайды. Синтетикалық пайымдаулар біздің білімімізді байытады, өрісін кеңейтеді.

И.Кант білімнің екі деңгейін көрсетті: априорлы білім және апостериорлы білім. Апостериорлы білім - тәжірибе арқылы жететін ақиқат, ал априорлы білім - біз тәжірибесіз білетін ақиқат. Демек, тәжірибемізге дейін өзгенің тәжірибесінде анықталған ақиқат. Біздің барлық біліміміз тәжірибеден басталады деген мәселе бойынша Кант Д.Локкпен келіседі, алайда, барлық ақиқат білім тәжірибеден кейін ғана қалыптасады деген тұжырымды құптамады.

Эмпиризмге қарсы бола тұра, И.Кант рационализмді де одан кем түспес белсенділікпен сынайды. Сараптауының соңында, ол категориялар өздерінің қолданылу деңгейін анықтай алмайды, ал принциптер өз ақиқаттығын айқындауға қабілетсіз деп дәлелдеуге ұмтылды. Түсіну «өздігінен субстанция секілді қандай да бір зат бар» немесе «әрбір өзгерістің себебі бар» дегенді дәлелдей алмайды. Тәжірибе жүзеге асып, априори дәлелдеуге болатынның бәрі белгілі бір шарттарға сай болуы тиіс. Бірақ тәжірибенің жүзеге асатынын алдын ала айқындау мүмкін емес; тәжірибенің жүзеге асу мүмкіндігін оның өзінің нақты пайда болуы ғана көрсетеді.

«Таным процесінде адам баласы бірі-бірін теріске шығаратын тұжырымдарға жолығады. Оларды «антиномиялар» деп атайды. Өзінің таным қызметінде адам шешілмес қайшылықтарға кезікпей қоймайды». Априорлы білімді шешу үшін Кант төрт антиномия құрды. Антиномия - қайшылыққа немесе ойтұжырымдарға (тезис және антитезис) әкелетін, бір-біріне қарама-қарсы дәлелдемелер жұбы. Әр антиномияда тезис «белгілі бір кезең толық аяқталды» деп тұжырымдаса; антитеза «ол мәңгілік жалғасады» дейді. Екінші антиномия - бөлінгіштікті; үшінші - себеп-салдарлық байланысты; төртіншісі - күтпеген жағдайларды қарастырады.

Әр жағдайда Кант белгілі бір кезенді басқа бірдене тудырған нәрселер кезеңі ретінде көрсетеді, мысалы, Канттың терминдерінде әсер оның себебінен «туындайды». Антиномиялардың әрбірінде дәйектің тезисі шексіз абсолютпен аяқталады. Кант әр антиномияның екі жағы да қате деп есептейді: тезис-догматизмнің қателігі, ал антитеза - эмпиризмнің қателігі. Антиномия құрастырудың мәні - эмпирикалық зерттеу саласы мен таза ақыл талаптары арасындағы сәйкессіздікті көрсету. Тезис дүниені ойдан шағын етіп көрсетеді; антитеза оны ойдан үлкен етіп көрсетеді.

Таным мәселесінде айтарлықтай ақиқат іздеп, танымның диалектикалық әдісін ұсынған немістің классикалық философы Георг Вильгельм Фридрих Гегель болды. Ол 1770 жылы дүниеге келіп, Тюбинген университетінде теологияны зерттеді; 1801 жылы Йена университетіне қызметке орналасып, сонда ол Наполеон 1806 жылы Пруссия әскерін күйрете жеңгеннен кейін жабылғанша сабақ берді. Қайыршылықтың сәл алдындағы Гегель осыдан көп ұзамай өзінің іргелі еңбегін - «Рух феноменологиясын» жариялады.

Ой әлеміне қосқан Гегельдің үлесі - философияға тарихилық элементті енгізуінде.

Гегель тарихтың философиядағы және философияның тарихнамадағы ерекше орнын айқындап берді. Тарихты логиканың көрінісі деп түсіндірді. Егер екі пікір қарама-қайшы болса, Гегель оны олардың арасындағы жанжал ретінде сипаттады: пікірлер бір-бірімен шайқасып, бұл шайқаста жеңіп не жеңіліс табады. Бұл - бір пікірдің («тезис») басқа пікірмен («антитезис») күресіп, соңында екеуі де үшінші пікірден («синтез») жеңіліс табатындығын айта келіп, оны «диалектика» деп атады.

Рухқа жету үшін диалектиканың екі кезеңінен өту қажет. Біз абсолюттен, нақты дүниенің жиынтығынан бастаймыз, ол алдыңғы, ерте кезеңдердегі философтар айтқан болмысқа ұқсайды. Біздің бірінші тезисіміз мынадай: абсолют - таза болмыс. Алайда таза болмыс қандай да бір қасиеті болмаса, ештеңеге айналады, сондықтан, біз қарама-қарсылыққа әкелеміз: «Абсолют дегеніміз - ештеңе». Тезис пен антитезистен синтез арқылы арыламыз: болмыс пен бейболмыстың бірігуі енді Қалыптасу үстінде, сондықтан біз: «Абсолют қалыптасу үдерісінен өтуде», - дейміз.

Танымның әдістері дегеніміз адамның танымдық процесін жүзеге асыратын құралдар.

Танымның әдістері екі деңгейге бөлінеді:

1. Теоретикалық – түсініктер арқылы анализ жасау әдісі.
2. Эмпирикалық – бақылау, тәжірибе жасау, салыстыру арқылы жүзеге асатын танымның әдістері.

Эмпирикалық және теориялық деңгейлер зерттеу объектісі, объективті әлемнің көрініс деңгейі және практикамен байланысының табиғаты, танымның логикалық әдістері және т.б. байланысты ерекшеленеді.

Теориялық деңгей абстрактілі ойлауға негізделеді, ол үшін сезімдік қабылдау нәтижелері зерттеудің бастапқы нүктесі болып табылады.

Эмпирикалық және теориялық деңгейлер арасында күрделі және қайшылықты қатынастар бар. Эмпирикалық деңгей - нәтижесі тәжірибеден алынатын білім деңгейі.